«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ
АГЕНТТІГІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ
КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

080000, Жамбыл облысы,
Тараз каласы, Желтоқсан көшесі, 78
тел. 8(7262)435471

080000, Жамбылская область,
город Тараз, улица Желтоксан,78
тел. 8(7262)435471

10.01.2025 №02-07/10

**Жамбыл облысы әкімдігінің
дене шынықтыру және
спорт басқармасы
басшысының орынбасары
Е. Карибаевқа**

*2024 жылдың 20 қарашадағы
№ 4-1883 өтінішхатына*

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 27) тармақшасына сәйкес (*бұдан әрі – Заң*) монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы алынған жағдайда өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

Осыған орай, Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасында **ЭҚЖЖ (85510)** – «Спорт және демалыс саласындағы білім беру». **ЭҚЖЖ (93120)** – «Спорт клубтарының қызметі *(жас ерекшелігі шектеусіз мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмірге белсенділігін тәрбиелеу, тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажеттілігін арттыру)*», **ЭҚЖЖ (93120)** - «Спорт клубтарының қызметі *(дене шынықтыру және футболдан жоғары дәрежелі мамандарды даярлау)*», **ЭҚЖЖ (93110)** – «Спорт имараттарын пайдалану» қызмет түрлері бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілердің жоқтығына байланысты Департамент, **бір жылға** *(2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін)* қорытындысын ұсынады.

Басшы **Ж. Әзімов**

*Орын.: Н.Ережепов,
Тел: 43-75-20*

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы

2025 жыл 8 қаңтар **Тараз қаласы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 27) тармақшасына сәйкес (*бұдан әрі – Заң*) Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік орган монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы болған кезде тиісті өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін кызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

Заңның көрсетілген нормасын іске асыру үшін бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 190/НҚ бұйрығымен ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін кызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы монополияға қарсы органның қорытындысын беру қағидалары (*бұдан әрі - қағидалар*) бекітілді.

1. **Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру мақсаты:**

1).Дене шынықтыру мен спортты дамыту, спорт түрлерімен жоғары дәрежедегі спортшыларды дайындау;

2).Жас ерекшелігі шектеусіз мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмірге белсенділігін тәрбиелеу, тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажеттілігін арттыру;

3).Дене шынықтыру мен спортты дамыту және спртпен шұғылдану үшін азаматтармен спортшыларға қолайлы жағдайлар туғызу;

4).Дене шынықтыру мен спортты дамыту және футболдан жоғары дәрежелі мамандарды даярлау.

2.Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарланатын тауар нарығының шекаралары:

Жамбыл облысы Тараз қаласы .

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алудың жоспарланған көлемі және қызметтің түрі:

1). ЭҚЖЖ (85510) – «Спорт және демалыс саласындағы білім беру» - 495 556 000 теңге;

2). ЭҚЖЖ (93120) – «Спорт клубтарының қызметі (жас ерекшелігі шектеусіз мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмірге белсенділігін тәрбиелеу, тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажеттілігін арттыру)» - 687 122 000 теңге;

3). ЭҚЖЖ (93110) – «Спорт имараттарын пайдалану» - 306 282 000 теңге;
4). ЭҚЖЖ (93120) - «Спорт клубтарының қызметі (дене шынықтыру және футболдан жоғары дәрежелі мамандарды даярлау)» - 1 200 000 000 теңге;

4. Әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді көрсету кезеңі: 2024 жылдың соңына дейін ***(бір жылға).***

5. Ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы қорытынды: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайтындағы мәліметіне сәйкес: ЭҚЖЖ (85510) – «Спорт және демалыс саласындағы білім беру» қызмет түрі бойынша – 33 субъект, ЭҚЖЖ (93120) – «Спорт клубтарының қызметі (жас ерекшелігі шектеусіз мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмірге белсенділігін тәрбиелеу, тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажеттілігін арттыру)» қызмет түрі бойынша – 36 субъект, ЭҚЖЖ (93110) – «Спорт имараттарын пайдалану» қызмет түрі бойынша – 8 субъект және ЭҚЖЖ (93120) - «Спорт клубтарының қызметі (дене шынықтыру және футболдан жоғары дәрежелі мамандарды даярлау)» қызмет түрі бойынша - 36 субъектінің бар екендігі анықталды *(нарық субъектілерінің жауап хаттары қосымшада тіркелді).*

Осыған орай, Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасында анықталған нарық субъектілеріне Департамент тарапынан, 2024 жылдың 27 қарашада шығыс нөмері №02-07/1823; №02-07/1824; №02-07/1825; №02-07/1826 хаттары жолданып, нәтижесінде нарық субъектілеріне жолданған сұрау хатта көрсетілген қызмет түрлерімен айналыспайтындығы және кейбір субъектілердің жойылғандығы, салық түсімдерінің түспегендігі туралы белгілі болды.

Жоғарыдағыны ескере отырып, жеке кәсіпкерлік субъектілердің жоқтығына байланысты, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасында ЭҚЖЖ (85510) – «Спорт және демалыс саласындағы білім беру», ЭҚЖЖ (93120) – «Спорт клубтарының қызметі (жас ерекшелігі шектеусіз мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмірге белсенділігін тәрбиелеу, тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажеттілігін арттыру)», ЭҚЖЖ (93110) – «Спорт имараттарын пайдалану», ЭҚЖЖ (93120) - «Спорт клубтарының қызметі (дене шынықтыру және футболдан жоғары дәрежелі мамандарды даярлау)» қызмет түрлері бойынша **1 жылға** *(2025 жыл)* **бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды орынды деп санаймыз.**

Қосымша: нарық субъектілерінің ресми жауап хаттары.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша
департаментінің басшысы **Ж. Әзімов**